

**«ВЕЛИКАЯ СТЕНА» АКЦИОНЕРЛІК ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
(«ВЕЛИКАЯ СТЕНА» АИЖМҚ» АҚ)
АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТИ**

«Уәкілетті органның акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстамалар беруді білдірмейді. Акциялар шығарылымының проспекті мемлекеттік тіркеуге алған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың растығы үшін жауапкершілік көтермейді. Акциялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы және эмитент пен орналастырылған акцияларға қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқпайтын болып табылатындығын растайды».

Алматы, 2008 ж.

Мазмұны

1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер	3
2. Эмитенттің органдары мен құрылтайшылары (акционерлері)	4
3. Эмитент қызметінің сипаттамасы	6
4. Эмитенттің қаржылық жағдайы	10
5. Қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайы	11
6. Бағалы қағаз шығарылымдары туралы мәліметтер	11
7. Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер	11
8. Қосымша ережелер	12
9. Эмитенттің (бұдан былай – Қор) Инвестициялық декларациясы	13
10. Акцияларды сатып алғанда олардың құнын айқындау әдістемесі	20

1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

2. Эмитенттің атауы

1-кесте – Эмитенттің атауы

	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Толық атауы	«Великая Стена» акционерлік инвестициялық жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы	Акционерное общество «Акционерный инвестиционный фонд недвижимости «Великая Стена»
Қысқартылған атауы	«Великая Стена» АИЖМҚ» АҚ	АО «АИФН «Великая Стена»

Эмитент Алматы қ., М.Өзтүрік к-сі, 7 мекенжайында орналасқан «Food Retail Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта ұйымдастыру арқылы құрылған.

Эмитент «Food Retail Group» ЖШС толық құқылы мирасқоры болып табылады.

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

Эмитентті мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 91760-1910-АҚ, 2008ж.15.04. Алматы қ. Әділет департаментімен берілген.

4. Салық төлеушінің тіркелген нөмірі

600400574413

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірі, электронды поштасы туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 110Е,

Тел: +7 727 266 70 77, 266 71 77

Факс: +7 727 266 74 00.

6. Эмитенттің банктік деректемелері

Алматы филиалы «БТА Банк» АҚ

РНН 600 400 574 413

БИК 190501306

Есеп шоты 956 467 170

7. Эмитенттің қызмет түрлері

Эмитенттің айрықша қызмет түрі Эмитент акционерлерінің акциялардың төлеміне енгізген ақшасын ҚР Заңнамасымен және инвестициялық декларациямен белгіленген талаптарға сәйкес жинақтау және инвестициялау, сондай-ақ инвестициялау нәтижесінде алынған активтерді жылжымайтын мүлікке және Заңмен рұқсат етілген басқа мүлікке инвестициялау болып табылады.

8. Эмитентке немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтер туралы мәліметтер. Қаржы агенттігінің мәртебесін беру туралы мәліметтер

31.03.2008ж. Эмитентке немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтер болған жоқ. Эмитенттің қаржы агенттігінің мәртебесі жоқ.

9. Эмитенттің барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген мерзімдері, орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары

31.03.2008ж. Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жоқ.

10. Сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, Эмитенттің қаржылық есебінің аудитін жүзеге асыратын (жүзеге асырған)

аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, болса, әкесінің аты), сондай-ақ сәйкес алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, қызметтер көрсетуге шарттар жасалған заң және қаржы мәселелері бойынша кеңесшілердің толық ресми атауы

31.03.2008ж. Эмитенттің заң мәселелері бойынша кеңесшілері болған жоқ.

Эмитенттің аудиторлық ұйымы - «ALMIR CONSULTING» ЖШС.

Мекенжайы: ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 19, «Нұрлы Тау» бизнес орталығы, 26 корпус, 403-офис, тел.: (+7 727) 311 01 18, 311 01 19.

«ALMIR CONSULTING» ЖШС Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасының мүшесі, сондай-ақ «RSM TOP AC» коммерциялық емес халықаралық аудит және консалтинг әріптестігінің мүшесі болып табылады.

«RESMI» инвестициялық қаржы үйі» АҚ Эмитенттің қаржы кеңесшісі болып табылады.

Мекенжайы: ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 110 Е, тел.: (+7 727) 266 71 77, факс: (+7 727) 266 70 77.

«RESMI» инвестициялық қаржы үйі» АҚ келесі қауымдастықтардың мүшесі болып табылады:

- 1) Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының;
- 2) Активтерді басқарушылар қауымдастығының.

11. Эмитенттің корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (қабылдау қоғам жарғысымен қарастырылған жағдайда)

31.03.2008ж. Корпоративті басқару кодексі қабылданған жоқ.

2. Эмитенттің органдары мен құрылтайшылары (акционерлері)

12. Эмитенттің директорлар кеңесі

31.03.2008ж. Директорлар кеңесі құрылған жоқ.

13. Эмитенттің атқарушы органы

31.03.2008ж. Эмитенттің атқарушы органы құрылған жоқ. 31.03.2008ж. Шатаев А.В. Эмитенттің уәкілетті тұлғасы болып табылады.

2-кесте – 31.03.2008ж. Эмитенттің уәкілетті тұлғасы

Аты-жөні, туылған жылы	Өкілеттіктерін көрсетіп, соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жүрген қызметтері, соның ішінде қосарлас қызметі	Төленген жарғылық капиталдағы үлесі, %	Еншілес ұйымдардағы үлесі, %
Шатаев Артем Владимирович, 1982 ж.т.	2005ж. тамыз – 2006ж. тамыз – «RG Brands» АҚ, заңгер; 2006ж. тамыз – 2007ж. ақпан - «Premier Asset Management» ЗАИБЖАҰ» АҚ, заңгер; 2007 ақпан – 2008ж. наурыз - «RESMI» Инвестициялық Қаржы Үйі» АҚ, заң бөлімінің бастығы; 2008ж. наурыз – осы күнге дейін - «RESMI» Инвестициялық Қаржы Үйі» АҚ, ұйымдастыру-заң департаментінің директоры	Жоқ	Жоқ

14. Соңғы қаржы жылы ішінде осы проспектінің 12 және 13-тармақтарында аталған тұлғаларға төленген сыйақы мен еңбекақының жалпы сомасы, берілген жеңілдіктер

31.03.2008ж. осы проспектінің 12 және 13-тармақтарында аталған тұлғаларға сыйақы мен еңбекақы төленген жоқ, жеңілдіктер берілген жоқ.

15. Эмитенттің ұйымдық құрылымы

1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері

31.03.2008ж. құрылымдық бөлімшелері құрылған жоқ.

2) эмитент жұмыскерлерінің, соның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдері жұмыскерлерінің жалпы саны

31.03.2008ж. штат кестесі бекітілген жоқ.

3) Эмитенттің акцияларына ие қызметкерлердің жалпы саны және орналастырылған акциялардың жалпы санына есептегендегі олардың пайыздық жиынтықты үлесі

31.03.2008ж. акциялар Эмитент қызметкерлерінің арасында орналастырылған жоқ. «Innova» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Эмитенттің жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

4) эмитент бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер (аты-жөні, болса, әкесінің аты, туылған жылы)

31.03.2008ж. құрылымдық бөлімшелердің басшылары жоқ.

5) Филиалдары мен өкілдіктерінің басшылары туралы мәліметтер (аты-жөні, болса, әкесінің аты, туылған жылы)

31.03.2008ж. Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жоқ.

16. Эмитенттің құрылтайшылары (акционерлері)

«Innova» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі («Innova» ЖШС) Эмитенттің жалғыз құрылтайшысы болып табылады, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050057, Алматы қ., Бостандық ауданы, М. Өзтүрік к-сі, 7.

31.03.2008ж. құрылтайшылар алдын ала төлеген акциялар саны – 987,5 дана.

21.04.2008ж. құрылтайшылар алдын ала төлеген акциялар саны – 1 000 дана

17. Эмитент ірі акционер (қатысушы) - ұйымның орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталында үлестерінің) он және одан да көп пайызына ие ұйымдар туралы мәліметтер

31.03.2008ж. Эмитент қандай да бір ұйымның ірі акционері емес.

18. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат

31.03.2008ж. өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарына, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатысқан жоқ.

19. Эмитенттің басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер

31.03.2008ж. осы проспектінің 12-18-тармақтарында аталмаған аффилиирленген тұлғалар 3 кестеде ұсынылған.

Жоғары келтірілгеннен басқа аффилиирленген (қосылма) тұлғалар жоқ.

3-кесте – 31.03.2008ж. Эмитенттің аффилиирленген жеке тұлғалары

Аты-жөні мен туған күні	Қосылу негізі
Кошкинбаев Еркен Жаксыбаевич, 1970 т.ж.	64 бабының, 1т-ның, 3 т-сы.
Кошкинбаев Жаксыбай Жунусович, 1945 т.ж.	Кошкинбаев Е.Ж.-нің әкесі
Аханова Рыскуль Бахтияровна, 1947 т.ж.	Кошкинбаев Е.Ж.-нің шешесі
Данышпанова Айжан Бексыргановна, 1976 т.ж.	Кошкинбаев Е.Ж.-нің зайыбы
Жаксыбаев Адыл Жаксыбаевич, 1977 т.ж.	Кошкинбаев Е.Ж.-нің ағасы
Нурмухамбетов Таир Кадралиевич, 1978 т.ж.	
Нурмухамбетова Дамира Калмукановна, 1977 т.ж.	Нурмухамбетов Т.К.- ның зайыбы
Нурмухамбетов Нурлан Таирович, 1994 т.ж.	Нурмухамбетов Т.К. – ның ұлы
Нурмухамбетов Мансур Таирович, 2003 т.ж.	Нурмухамбетов Т.К. – ның ұлы
Нурмухамбетов Жангир Таирович, 2004 т.ж.	Нурмухамбетов Т.К. – ның ұлы

20. Эмитенттің аффилирленген тұлғаларымен жасаған мәмілелері

31.03.2008ж. Эмитенттің аффилирленген тұлғаларымен мәмілелер жасалған жоқ.

3. Эмитент қызметінің сипаттамасы

21. Эмитенттің негізгі қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы, бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Инвестициялық декларацияның шарттарына және ҚР Инвестициялық қорлар туралы заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес инвестициялау Эмитент қызметінің айрықша түрі болып табылады.

Жылжымайтын мүлік нарығын Эмитент үшін негізгі инвестициялау саласы және қызметіне әсер ететін сала ретінде қарастырып көрейік.

Экономиканың жалпы өсуі және елдегі макроэкономикалық жағдайдың жақсаруы құрылыс көлемінің ұлғаюына итермеледі. Бұны негізгі капиталдағы инвестициялардың өсу деректері растай алады. ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сәйкес 2007 жылы негізгі капиталдағы инвестициялардың көлемі 3 234 193 млн. теңге құрады, бұл 2006 жылмен салыстырғанда 14,5% өсті. Сондай-ақ жылжымайтын мүлік нарығы соңғы жылдары бағалардың өсуімен сипатталады. 2007ж. желтоқсанда орташа алғанда республика бойынша жаңа тұрғын үйдің бір шаршы метрінің бағасы 161,3 мың теңге болды, бұл 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 30,2% өсті, тұрғын үйді қайта сату бағасы сәйкесінше бір шаршы метр үшін 136,2 мың теңге болды, 42,6% өсті.¹

4-кесте – 2001 – 2007ж. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй бағасының өзгеруі, кезең соңында, алдыңғы жылдың желтоқсанында, пайызбен²

	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007
Жаңа тұрғын үйді сату	13,6	55,5	35,1	41,1	32,2	33,8	30,2
Тұрғын үйді қайта сату	24,8	73,2	38,7	76,1	50,3	57,3	42,6

Эмитент алғашқы кезеңде Алматы қаласы мен Алматы облысының аумағындағы жылжымайтын мүлікке инвестициялауды жоспарлап отыр.

Алматы қаласындағы жылжымайтын мүлік нарығы сұраныстың ұсыныстан қомақты артық болуымен сипатталады, осы жағдай жылжымайтын тұрғын үй нарығында және коммерциялық жылжымайтын мүлік нарығында да кездеседі.

ЦКН-Консалтинг³ деректеріне сәйкес 2007ж. IV тоқсанда Алматы қаласы Медеу ауданында салынып жатқан тұрғын үй нарығындағы бір шаршы метрдің ең жоғарғы бағасы – 4 495 АҚШ доллары. Одан кейін Бостандық ауданы келеді – 4 278 АҚШ доллары. Жылжымайтын мүліктің ең төменгі бағасы осы кезеңде – Қарасай ауданында (бір шаршы метр 2 268 АҚШ доллары) және Талғар ауданында (бір шаршы метр 1 623 АҚШ доллары).

Сату көлемінің негізгі үлесін екі бөлмелі пәтерлер құрайды – жалпы ұсыныстың 35%. Үш бөлмелі пәтерлер – ұсыныстар құрылымының 33%, бір бөлмелі - 24%.

Алматы қаласының қаржы-экономикалық орталық ретінде дамуы елдегі кәсіпкерлік белсенділіктің ұлғаюына және осыдан коммерциялық жылжымайтын мүлікке деген сұраныстың өсуіне әкелді.

2006-2007 ж. жалға алушылардың ортасында «А» және «В» санатты бизнес орталықтардың кеңселері танымал болды. Бүгінгі күні осындай санаттағы аудандардың саны Алматы қаласында нарықтағы жалпы ұсыныстың 75% құрайды. 2008ж. басында

¹ ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша

² ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша

³ <http://ipoteka.kz/ru/analytics/>


құрылыс барысында 20 бизнес орталық болды. Сарапшылар 2009-2010ж. осы сегментте ұсыныстар шегі болады деп күтеді, себебі осы кезеңде пайдалануға көптеген объектілер берілмек, солардың ішінде Алматы қаржы орталығы ғимараттарының бірінші кезегі, «Есентай парк», «Рахат тауэрс», «Бәйтерек»⁴ бар.

Осылайша, бүгінгі күні Қазақстанда жылжымайтын мүлік тікелей өз мақсатты мәнін орындап қана отырған жоқ, ол инвестициялаудың тартымды объектісі болып табылады. Жылжымайтын мүлік нарығының бұдан былай дамуы (соның ішінде салынып жатқан және қайта құрылымданған ғимараттар секторының) Эмитент қызметіне оң әсер тигізеді, себебі инвестициялық салымдардан түсетін кірістің жоғары деңгейі болжанады.

Сондай-ақ Эмитент жер телімдеріне инвестициялар салуды жоспарлап отыр. Қызметтің алғашқы кезеңінде және жылжымайтын мүлікке инвестияланған жағдайда Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағындағы жер телімдеріне инвестициялау жоспарланып отыр, себебі осы аймақ республика көлемінде экономикалық маңызды аймақ болып табылады. Алматы қаласында қазіргі кезде Өңірлік Қаржы орталығы құрылып жатқандығын, әріптес қалалар салу және дамыту жоспарланып отырғандығын есепке ала отырып, Эмитент осы аумақтағы жер телімдеріне инвестициялар салу қомақты кіріс әкеледі деп күтеді.

Алматы қаласындағы жер телімдеріне деген ұсыныстар құрылымын көзге елестетіп көру үшін 2-суретті қарайық⁵.


2-сурет. Алматы қаласындағы және одан тыс жердегі мақсатты мәні бойынша жер нарығының құрылымы



⁴ www.umex.kz

⁵ ЦКН-Консалтинг деректері бойынша - <http://ipoteka.kz/ru/analytics/>

Қаладан тыс жерде



- Жеке тұрғын үй құрылысы
- Коммерция
- Көп қабатты тұрғын үй құрылысы
- Саяжай массиві
- Өнеркәсіп базасы

Бұдан былай жылжымайтын мүлік, салынып жатқан объектілер және жер телімдері нарығының дамуына, өз кезегінде, Эмитенттің қызметіне аймақтың экономикалық рөлінің күшеюі, жекелеп алғанда, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі, Алматы қаласының Өңірлік қаржы орталығының дамуы әсер етеді. Осыдан шетелдік жұмысшы күші ағылады, миграциялық процестер күшейеді, бұл сатып алу сұранысында көрініс табады. Осылайша, Эмитенттің осындай объектілерге инвестициялауынан түсетін кірістері ұлғаяды деп болжауға болады.

АИФН қызметі туралы ақпарат жабық, сондықтан Эмитент пен бәсекелес компаниялардың үлесін бағалау мүмкін емес болып отыр.

22. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

Оң факторлар

- § Қазақстан Республикасының макроэкономикалық дамуы;
- § халық жағдайының жақсаруы;
- § білікті қызметкерлер;
- § Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының дамуы.

Теріс факторлар

- § Жылжымайтын мүлік саласындағы құқықтық базаның анықталмауы;
- § Жылжымайтын мүлік нарығының сыртқы экономикалық факторларға тәуелділігі.

23. Эмитенттің қолындағы бар лицензиялары (патенттері), олардың жарамдылық мерзімі туралы ақпарат, Эмитенттің зерттеулерлерге және әзірлемелерге, соның ішінде өзі демеуші болған зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындары

31.03.2008ж. Эмитенттің лицензиялары (патенттері), зерттеулерлерге және әзірлемелерге кетірген шығындары болған жоқ.

24. Соңғы екі жыл ішінде немесе Эмитент нақты қызмет атқарған кезең ішінде таратылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері

Проспект дайындалған күніне Эмитент өнімдер сатқан жоқ және қызмет көрсеткен жоқ болғандықтан, сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстың, қызмет көрсетудің) көлемі туралы ақпарат жоқ.

25. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі

2008ж. 31.03. күніне сәйкес Эмитент өз өнімін сатқан жоқ және қызмет көрсеткен жоқ.

26. Эмитенттің қызметіне әсер ететін факторлар

1) мезгілдік сипаттағы қызмет түрлері, Эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесі

Эмитенттің қызметі мезгілдік сипатқа ие емес.

2) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттың (жұмыстардың, қызметтердің) импорттық үлесі және таратылатын өнімнің жалпы көлеміндегі экспортқа шығаратын өнімінің (жұмыстарының, қызметтерінің) үлесі

2008ж.31.03. күніне сәйкес Эмитент шикізат, жұмыстар, қызметтер импорт және экспортын жүзеге асырмады.

3) эмитенттің сот процесстеріне қатысуы туралы мәліметтер. Нәтижелері бойынша эмитент қызметінің тоқтауына немесе өзгеруіне алып келетін, оған ақша және басқа да міндеттемелер артылатын сот процесстерінің сипаттамасын беру керек.

31.03.2008ж. Эмитент қандай да бір сот процесстеріне қатысқан жоқ.

4) соңғы бір жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) соттың Эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына тартқан барлық әкімшілік жазалары туралы мәліметтер

Эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына әкімшілік жазалар тартылған жоқ.

5) Тәуекел факторлары

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған немесе биржадан тыс рыногында акциялар бағасына әсер ететін тәуекел – Эмитент акцияларына бағаның өзгеруімен байланысты тәуекел.

Инфляциялық тәуекел – елдегі экономикалық жағдайға және инфляция нәтижесінде ақшаның сатып алу қабілетінің ықтимал құнсыздануына байланысты тәуекел. Қазақстанда құрылыс саласы импорт тауарларға тәуелді болатындығын есепке ала отырып, инфляциялық процесстер құрылыс жұмыстарының өзіндік құнын арттыруда көрініс тауып, жылжымайтын мүлік нарығына, жекелеп алғанда, Эмитенттің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін.

Осы тәуекел түрі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық банкінің инфляцияға қарсы жүргізіп отырған саясатына байланысты төмендейді.

Валюталық тәуекел – валюта бағамдарының өзгеруімен және валюта бағамдарының ауытқығыштығымен байланысты тәуекел. Эмитенттің қызметі негізінен Қазақстан Республикасының шегінде атқарылады, соған сәйкес осы тәуекелді өте аз деп бағалауға болады.

Пайыздық тәуекел – банктік заемдер немесе депозиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруімен шартталған тәуекел. Банктік пайыздың жоғары мөлшерлемелері халық үшін ипотекалық заемдердің қолжетімділігіне әсер етуі мүмкін, ал бұл жылжымайтын мүлік нарығында көрініс табады.

Бәсекелестік орта тәуекелі – нарық жағдайының өзгеруімен, жекелеп алғанда бәсекенің күшеюімен байланысты тәуекел. Жылжымайтын мүлік нарығы ықтимал инвесторлар үшін тартымды сала болып табылады, бұл нарық ойыншыларының көбеюінен және бәсекелестіктің күшеюінен көрінеді.

Саяси тәуекел – саяси құрылымның және заңнаманың, жекелеп алғанда салық заңнамасының өзгеруімен байланысты тәуекел, сондай-ақ тәуекел жаңа әкімшілік кедергілердің пайда болуымен де байланысты. Қазақстандағы саяси жағдайдың тұрақты болуына байланысты осы тәуекел түрінің аз ғана деңгейі туралы айтуға болады.

Әлеуметтік тәуекел – білікті кадрлардан айрылу тәуекелі, бұл Эмитент қызметіне теріс әсер ете алады. Эмитент осы тәуекел түрін қызметкерлерін үздіксіз оқыту және ынталандыру жүйесі арқылы басқаруды жоспарлап отыр.

Форс-мажор тәуекел – төтенше жағдайлардың туындауымен, сәйкесінше инвестициялау объектілерінен айрылумен/олардың қирауымен байланысты тәуекел.

4. Эмитенттің қаржылық жағдайы

27. Инвестициялары

31.03.2008ж. Эмитент басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар салған жоқ. Эмитенттің бағалы қағаздар портфелі және басқа инвестициялар болмады.

Эмитенттің инвестициялық портфельді басқару жөніндегі стратегиясы инвестициялық декларацияға сәйкес инвестициялау болып табылады.

28. Дебиторлық берешегі

Эмитенттің 2008ж. 31.03. күніне сәйкес дебиторлық берешек туралы ақпарат 5 кестесінде берілген. Негізгі қызметпен байланысты дебиторлық берешек жоқ.

5-шы кесте – Эмитенттің дебиторлық берешегі

Дебитордың атауы	Орналасқан жері	Сомма, мың теңге	Бүкіл д/б үлесі, %
«INNOVA» ЖШС	ҚР-сы, Алматы қ-сы, М. Өзтүрік к-сі, 7	1 404 000	100%

6-ші кесте – ДБ-ні өтеу

Бап атауы	Барлығы, мың теңге	Өтеуге жататын сомалар						
		90 күн	180 күн	270 күн	360 күн	1 жылдан артық.	2 жылға дейін	3 жылға дейін
Сауда ДБ	-	-	-	-	-	-	-	-
Қызметкерлер берешегі	-	-	-	-	-	-	-	-
Басқа дебиторлық берешек	1 404 000	-	-	-	1 404 000	-	-	-
Барлығы	1 404 000	-	-	-	1 404 000	-	-	-

29. Активтері

2008ж.31.03. күніне сәйкес Эмитенттің активтерінің баланстық құнының бес және одан астам проценті мөлшерінде дебиторлық берешегі жоқ.

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер

Эмитенттің жарғылық капиталы 118 500 000 (жүз он сегіз миллион бес жүз мың) теңге болады.

Эмитенттің меншікті капиталы – 116 338 900 (жүз он алты миллион үш жүз отыз сегіз мың тоғыз жүз) теңге болады.

31. Заемдері

31.03.2008ж. Эмитенттің заемдері болған жоқ.

32. Эмитенттің негізгі қызметін атқаруымен байланысты несие берешегі (жеткізушілер алдындағы берешегі, алынған аванстар)

Эмитенттің кредиторлық берешек туралы ақпарат 7 және 8 кестелерінде берілген:

7-шы кесте – Эмитенттің кредиторлық берешегі (КБ)

Кредитордың атауы	Орналасқан жері	Берешек нысанасы	Сома, мың теңге	Бүкіл к/б үлесі, %
ЖШС «INNOVA»	ҚР-сы, Алматы қ-сы, М. Өзтүрік к-сі, 7	Уақытша қаржы көмек	1 353 404,00	99,99
ЖШС «Группа компаний «Resmi»	ҚР-сы, Алматы қ-сы, М. Өзтүрік к-сі, 7	Уақытша қаржы көмек	109,10	0,01

8-ші кесте- КБ-нің өтеу құрылымы

Кредитордың атауы	Берешек нысанасы	Барлығы	Өтеуге жататын сомалар					Үлес, %	
			90 күнге дейін	180 күнге дейін	270 күнге дейін	1 жылға дейін	2 жылға дейін		2 жылдан артық
«INNOVA» ЖШС	УҚК	1 353 404,00	-	-	-	-	1 353 404,00	-	99,99
«Группа компаний «Resmi» ЖШС	УҚК	109,10	-	-	-	5,00	104,10	-	0,01
Барлығы		1 353 513,10	-	-	-	5,00	1 353 508,10	-	100,00

5. Қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайы

Эмитент қаржы ұйымы емес.

6. Бағалы қағаз шығарылымдары туралы мәліметтер

Эмитенттің еретеректе тіркелген бағалы қағаз шығарылымдары жоқ.

7. Жарияланған акциялар шығарылымы туралы мәліметтер

45. Акциялар туралы мәліметтер

1) акциялар саны, түрі

Эмитенттің жарияланған акцияларының саны - 100 000 (бір жүз мың) дана жай акция.

2) Құрылтайшылар арасында орналастырылатын акциялардың саны, түрі

Жалғыз құрылтайшы нақтылы құны бойынша 1 000 (бір мың) дана жай акция сатып алды.

3) Құрылтайшылар төлейтін бір акцияның нақтылы құны

Құрылтайшылар төлейтін бір жай акцияның нақтылы құны - 120 000 теңге

4) Артықшылықты акциялар бойынша кепілдік берілген мөлшер

Эмитент ҚР заңнамасына сәйкес жай акциялар ғана шығаруға құқылы.

46. Эмитенттің айырбасталатын бағалы қағаздары

Эмитент ҚР заңнамасына сәйкес айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқықсыз.

47. Төлем агенті туралы мәліметтер

31.03.2008ж. төлем агенті болған жоқ.

48. Эмитенттің тіркеушісі туралы мәліметтер

Эмитенттің тіркеушісі - «Реестр-Сервис» акционерлік қоғамы («Реестр-Сервис» АҚ). Мекенжайы: 050060, Розыбакиев к-сі, 125/7, тел.: +7 (327) 275 35 92, 275 35 94, факс: +7 (327) 275 35 97. Қазақстан Республикасының Қаржы қадағалау агенттігінің бағалы

қағаздар тізілімін жүргізу қызметін атқаруға 2005 жылғы 20 маусымда берген лицензия №0406200402.

21.04.2008ж. акция ұстаушылар тізілімін жүргізуге шарт № 22-04-08.1.

8. Қосымша ережелер

49. Акциялар шығарылымына кеткен шығындар сомасы

Акциялар шығарылымымен байланысты шығындар жоқ.

50. Инвесторларға арналған ақпарат

Эмитенттің ықтимал инвесторлары Эмитент Жарғысымен, акциялар шығарылымының проспектімен, осы құжаттарға енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, акцияларды орналастыру нәтижелері туралы есептермен басқарушы компанияның Интернет желесіндегі WEB-сайтта – www.ifd.resmi.kz, сондай-ақ келесі мекенжай бойынша таныса алады: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 110Е.

9. Эмитенттің (бұдан былай – Қор) Инвестициялық декларациясы

1) Инвестициялық қордың инвестициялық саясатының мақсаттарының, міндеттерінің сипаттамасы

Қордың мақсаттары

Қордың мақсаты Қордың акционерлер мүдделері үшін осы Инвестициялық декларация мен қолданыста жүрген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес активтерді жылжымайтын мүлікке, негізгі құрал-жабдықтарға және де қаржы құралдарға салу арқылы инвестициялық әрекет жасау нәтижесінде табыс алуы.

Қордың міндеттері

- Жаңа инвесторларды тарту және Қор активтерінің құнын ұлғайту есебінен Қор активтерін ұлғайту;
- Жоғары кірісті объектілерге инвестициялау;
- Инвесторларға дивидендтер түрінде кіріс төлеу.

Қор портфелінің стратегиясы бір қалыпты болып табылады және де ол жылжымайтын мүлікке, негізгі құрал-жабдықтарға және жоғары табысты бағалы қағаздарға мен операцияларға инвестициялауға бағытталған. Портфельдің структурасы төмендегі тізімде келтірілген құралдар категориялардың әртүрлі салмағын енгізе алады.

2) Инвестициялық қорды инвестициялау объектілерінің тізімі, мәміле түрлері, инвестициялау шарттары мен лимиттері

Инвестициялық Қордың инвестициялау объектілерінің тізімі:

1. ғимараттар, имараттар, соның ішінде осы ғимараттар мен имараттар орналасқан жер телімдері;
2. өндірістік инвентарь және ғимараттар мен имараттарға қызмет көрсету үшін қажетті негізгі құралдар;
3. ақша және тізімі уәкілетті органмен белгіленетін қаржы құралдары.

Қор активтерінің құрамында салынып жатқан және қайта құрылымданатын жылжымайтын мүлік объектілері, жобалау-сметалық құжатта болмау керек.

Қор активтерін мүлікке инвестициялағанда (бағалы қағаздар мен ақшаны қоспағанда) ол тәуелсіз бағалаушымен міндетті түрде бағалануы керек.

Мәміле түрлері

Қор активтерінің есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген мәмілелер жасалуы мүмкін.

Инвестициялау шарттары мен лимиттері

Қордың таза активтері құнының кем дегенде сексен пайызын жылжымайтын мүлік құрауы керек.

Қор активтерінің құрамына кіретін мүлік сақтандырылуы керек және (немесе) Қор осы активтер мөлшерінде резервтік қор құруы керек.

Қордың инвестициялық кірісінің кем дегенде елу пайызын жылжымайтын мүлікті жалға беру нәтижесінде алынған кірістер құрауы керек.

Қор активтерінің құрамында келесілер болмау керек:

1. «Инвестициялық қорлар туралы» ҚР заңымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда Қордың басқарушы компаниясының басқаруындағы инвестициялық қорлар шығарған акциялар немесе пайлар;

2. Қордың басқарушы компаниясы шығарған (ұсынатын) активтер;
3. коммерциялық емес ұйымдардың акциялары немесе қатысу үлестері;
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының қаржы агенттіктерінің агенттік облигацияларын қоспағанда жалпы санының он бес және одан да көп пайыз мөлшеріндегі бір заңды тұлғаның бір түрдегі қаржы құралдары.

Бір басқарушы компанияның басқаруындағы Қор активтерінің жиынтықты инвестициялар көлемі және қаржы нарығы лицензиаттарының дауыс беруші акциялардағы басқарушы компанияның меншікті активтері уәкілетті органның иеленуге келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуы керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын және Қазақстан Республикасы қаржы агенттіктерінің агенттік облигацияларын қоспағанда қордың активтері таза активтер құнының он бес процентінен асатын мөлшерде бір эмитенттің бағалы қағаздарына немесе бір тұлға шығарған (берген) қаржы құралдарына инвестицияланбауға тиіс және де қордың активтері таза активтер құнының он бес процентінен асатын мөлшерде бір тұлға шығарған бір қаржы құралдарына инвестицияланбауға тиіс.

Таб. 9.1 - Инвестициялық қордың инвестициялау объектілерінің тізбесі, инвестициялау шарттары мен шектеулері:

№	Инвестициялау объектілерінің атауы	Қордың таза активтерінің шектеуі % - да
1	Жылжымайтын мүлік, оның ішінде ғимараттар мен үйлер, және сол ғимараттар мен үйлер үстінде орналасқан жер учаскелері; ғимараттар мен үйлерге қызмет көрсетуге арналған өндірістік құрал-жабдықтар және негізгі құралдар	min 80%
2	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар (оның ішінде басқа мемлекеттер зағнамасына сәкес шығарылған бағалы қағаздар), Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі және Ұлттық Банк шығарылған, және Мемлекет кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар	max 20%
3	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдар шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар	max 20%
4	Шетелдік мемлекеттерінің орталық үкіметтер шығарылған бағалы қағаздар,	max 20%
5	Қазақстан Республикасының кәсіпорындар шығарылған мемлекеттің емес үлестік бағалы қағаздар	max 20%
6	Қазақстан Республикасының кәсіпорындар шығарылған мемлекеттік емес борыш бағалы қағаздар	max 20%
7	Шетелдік кәсіпорындар шығарылған мемлекеттік емес үлестік және борыш бағалы қағаздар	max 20%
8	Қазақстан Республикасының инвестициялық қорларының пайлары	max 20%
9	Шетелдік инвестициялық қорларының пайлары	max 20%
10	Principal Protected Notes (PPN)	max 20%
11	Лондон бағалы металдар нарығының ассоциациясымен бекітілген халықаралық сапасына сәйкес келетін тазартылған бағалы металдар (London bullion market association) және осы ассоциация құжаттарының «Лондон сапалы жеткізілімі» стандарт ретінде белгіленген ("London good delivery")	max 20%
12	Тауар және энергетикалық биржаларында сатылатын туынды қаржы құралдар	max 20%
13	Туынды бағалы қағаздар: депозитарийлық қолхат, және осы тізімде базалық актив ретінде болып табылатын құралдар, және де фьючерстер, опциондар, своптар мен форвардтар	max 20%
14	Қолда бар шетел валюта	max 20%
15	Тікелей және кері сатып алу РЕПО операциялары	max 20%

Қордың инвестициялық портфелінің диверсификациялау мөлшері

Диверсификация нормалары активтерді жылжымайтын мүлікке салу 80%-ға дейін және қаржы құралдарға ең көбі 20%-ға дейін маңызын ала алады, олардың ішінде бір тұлға шығарған бағалы қағаздарға немесе қаржы құралдарына осы қордың активтері таза активтер құнының он бес процентінен аспайтын мөлшерде болуы тиіс.

3) Инвестициялық қор активтерін хеджирлеу және диверсификациялу шарттары

Басқарушы компания Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған активтерді хеджирлеудің және диверсификациялаудың кез келген нысандарын қолданады.

4) Инвестициялық декларациямен анықталған объектілерге инвестициялаумен байланысты тәуекелдердің сипаттамасы

Баға тәуекелі – инвестициялау объектілерінің нарықтық бағасының өзгеруімен байланысты тәуекел. Актив құнының нарықтық ауытқуларының әсерінен инвестор үшін қолайсыз жаққа қарай өзгеруі мүмкін.

Өтімділік тәуекелі – қолдағы бар активті сатқанда туындайтын тәуекел. Осы тәуекел түрі құнның қомақты түсуінсіз активті жылдам тарату мүмкін еместігін білдіреді.

Инфляциялық тәуекел – елдегі макроэкономикалық жағдаймен байланысты тәуекел. Инфляция ұлғайған жағдайда шынайы кіріс үлкен инфляцияның есебінен азаюы мүмкін болатын тәуекел.

Валюталық тәуекел – ұлттық валютаның валюталық бағамының басқа ел валютасының бағамына өзгеруімен байланысты тәуекел. Осы тәуекел түрі шетелдік қаржы активтеріне инвестициялағанда және шетел валютасын инвестордың ұлттық валютасына кейіннен айырбастағанда туындайды.

5) Инвестициялық саясат бойынша қойылатын шектеулер

Басқарушы компания құқықсыз:

1. нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен, инвестициялық декларациямен немесе Қор ережелерімен белгіленген талаптар бұзылатын мәмілелер жасауға;
2. Қор активтерін өтеусіз шеттету жөнінде инвестициялық шешімдер қабылдауға;
3. осы Қор активтерін басқару жөніндегі қызметпен байланысты емес жеке міндеттемелердің немесе үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Қор активтерін пайдалануға;
4. Қор активтерінің құрамындағы өзіне тиесілі активтерді сатуға (беруге);
5. активтерді кредитке сатуға;
6. Қор активтерінің есебінен өтелуге тиісті жиынтықты берешек көлемі кез келген заем түрлері бойынша Қор активтері құнының алпыс пайызынан асатын болса, инвестициялық декларацияға немесе Қор ережелеріне сәйкес сауда ұйымдастырушыларының сауда жүйелерінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасау немесе Қор акцияларын немесе пайларын сатып алу үшін заем ақшаны пайдалану жағдайларын қоспағанда Қор активтерінің есебінен қайтарылуға тиісті ақшаны немесе басқа мүлікті заем шарттарының талаптарында алуға;
7. сенімді басқару шартына, инвестициялық декларацияға немесе Қор ережелеріне сәйкес шығындарды өтеу және сыйақы алу жағдайларын қоспағанда Қор басқаратын активтерді (қаржы құралдарын, т.б.) иеленуге;
8. сауда ұйымдастырушыларының сауда жүйелерінде ашық сауда әдістерімен жасалған мәмілелерді қоспағанда Қор басқаратын басқа инвестициялық қор активтерін өз активтерінің құрамына алуға;
9. сауда ұйымдастырушыларының сауда жүйелерінде ашық сауда әдістерімен жасалған мәмілелерді қоспағанда басқарушы компанияның аффилиирленген тұлғаларынан Қор активтерінің есебінен инвестициялау объектілерін сатып алуға немесе осы компанияның басқаруындағы инвестициялық қордың активтерін сатуға;

10. бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында кастодиан, Қор пайларын ұстаушылар тізілімін жүргізген тіркеуші, сондай-ақ олардың аффилиирленген тұлғалары шығарған бағалы қағаздарды Қор активтерінің құрамына сатып алуға;
11. міндеттемелерді қабылдау кезінде Қор активтерінің құрамына кірмейтін активтерді беру бойынша қамтамасыз етусіз мәмілелер жасауға («қысқа сату») немесе олар бойынша міндеттемелер қабылдауға;
12. уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте Қор активтерін хеджирлеу мақсатында жасалған мәмілерді, сондай-ақ базалық активтеті эмитенттің депозитарлық қолхаттарымен және опциондарымен жасалған мәмілелерді қоспағанда туынды бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға.

6) Туынды бағалы қағаздармен мәмілелер жасау, кері сату (сатып алу) міндеттемесімен активтерді сатып алу (сату), сондай-ақ бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында кез келген мәмілелер жасау мүмкіндігі туралы нұсқаулар

Басқарушы компания заңнамамен тыйым салынған мәмілелерді қоспағанда туынды бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға, кері сату (сатып алу) міндеттемесімен активтерді сатып алуға (сатуға), сондай-ақ бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында кез келген мәмілелер жасауға құқылы.

7) Қор активтерін мүлікке инвестициялау кезінде туындайтын тәуекелдердің сипаттамасы, сондай-ақ оларды азайтуға бағытталған шаралар

ҚР заңнамасымен және осы инвестициялық декларациямен анықталған объектілердің тізімінде инвестициялаумен байланысты тәуекелдер:

Жылжымайтын мүлік секторында нарықтық жағдайдың нашарлау тәуекелі – тәуекел ішкі жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдайдың тұрақсыздығымен, халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуімен және сұраныстың түсуіне әсер ететін, жылжымайтын мүлік объектілерін тарату құнының төмендеуімен байланысты.

Қазақстан Республикасындағы экономикалық жағдайдың тұрақсыздану тәуекелі – Республикадағы инфляциялық процестердің күшеюімен байланысты тәуекел, бұл құрылыс материалдары құнының қымбаттауына, салынып жатқан жылжымайтын мүлік объектілерінің өзіндік құнының өсуіне және сату бағасының өсуіне әсер етеді.

Қор активтерін инвестициялаумен байланысты басқа тәуекелдер «Инвестициялық декларациямен анықталған объектілерге инвестициялаумен байланысты тәуекелдер сипаттамасының» 4)т. ашылған.

Жоғарыда аталған тәуекелдерді төмендетуге бағытталған шаралар Эмитенттің инвестициялаудың болжамды объектілерінің тәуекелдерін егжей-тегжейлі бағалауда және инвестициялау объектілерін таңдауда жатыр. Осылайша тәуекел деңгейін реттеуге мүмкіндік беретін инвестициялау объектілерінің әртарапандырылған портфельі модельденеді.

8) Қордың басқарушы компаниясының (болса), кастодианының, тіркеушісінің және аудиторлық ұйымының толық атауы, лицензияларының деректемелері және орналасқан жерлері

Қордың басқарушы компаниясы - «RESMI» Инвестициялық Қаржы Үйі» АҚ, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті атқаруға лицензия № 0403200520, 2006ж. 05 қазанда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен берілген.

Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 110 Е.

Қор кастодианы - «Казкоммерцбанк» АҚ, кастодиандық қызмет атқаруға лицензия № 0407100205, 2004ж. 29 қатарда уәкілетті органмен берілген;

Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Гагарин д-лы, 135ж.

Қор тіркеушісі - «Реестр-Сервис» АҚ, бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімін жүргізу қызметін атқаруға лицензия № 0406200402, 2005 жылғы 20 маусымда уәкілетті органмен берілген;

Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 125/7.

30.04.2007ж. Эмитенттің аудиторлық ұйымы болған жоқ.

8) Қор активтерін есепке алу және құнын және акцияларының құнын анықтау тәртібі

Қордың басқарушы компаниясы Қор активтерінің бөлек есебін жүргізеді. Қордың Басқарушы компаниясы келесілерді сақтай отырып, Қор активтерінің есебін жүргізеді:

1) Қор активтерінің құрылымы келесілерге бөлініп, есепке алу жүйесінде көрініс табады:

- Қордың бағалы қағаздарының төлеміне алынған активтер;
- Алынған кіріс, соның ішінде қаржы құралдары бойынша дивидендтер, сыйақы, сондай-ақ Қор активтерімен жасалған мәмілелер бойынша кіріс түріндегі түсімдер;
- Есептелген кіріс, соның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақы, Қор активтерін қайта бағалаудан, активтермен жасалған операциялардан басқа кірістен құнының өсуі;

2) Қор активтерінің есебінен өтелетін және Қор қызметін қамтамасыз ететін тұлғаларға төленетін шығындар келесілердің есебінен өтелетін болып бөлінеді:

- Қордың бағалы қағаздарының төлеміне алынған активтердің;
- Инвестициялық кірістің.

